ДӘРІС КЕШЕНІ
Пән: Эндодонтия негіздері
Пән коды:3306
ББББ атауы: 6В10117 «Стоматология»
Оқыту сағаттары/кредиттер көлемі: 150сағат (5 кредит)
Оқытылатын курс пен семестр: -2\3
Дәріс көлемі:10 сағат

Шымкент 2025

«Эндодонтия негіздері» пәнінің дәріс кешені жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленді және кафедра отырысында талқыланды.

Хаттама № 11 «26» 06 2025

Кафедра меңгерушісі м.ғ.к., доцент м.а. _____ Д.О. Кенбаева

№1 дәріс

1. Тақырып: Эндодонтия туралы түсінік. Эндодонт дәрігері. Эндодонт дәрігерінің морфофункционалды кешендері. Тіс қуысы құрылысының жалпы принциптері

2. Мақсаты: Эндодонтияның мақсаттары, эндодонтиялық емдеуде қолданылатын емдік шаралар туралы түсінік қалыптастыру, тіс қуысының құрылымы мен эндодонт дәрігері туралы жалпы түсінік беру.

3. Дәріс тезистері:

Эндодонт:

- Бул ұлпа мен периодонт қабынуы кезіндегі жергілікті патологиялық үрдіске ұшырайтын тіндердің жиынтығы.

-Дәлелдеп айтқанда – ол ұлпа және қуыс қабырғасын құрайтын дентин (ұлпа-дентинді жиынтығы).

Клиницисттер буған тағы **ұлпа-периапикальды жиынтығын** қосады. Оның ішіне ұлпа мен тіс қуысының қабырғасындағы дентиннен басқа түбір ұшы маңайындағы тіндер (апикальды периодонт, цемент, кортикальды пластинка) кіреді.

Тіс ұлпасының құрылысы:

- Тіс ұлпасы (пульпа зуба – pulpa dentis) тіс қуысында (полость зуба – cabum dentis) орналасқан және екі бөліктен тұрады: сауыт ұлпасы (коронковая пульпа – pulpa coronalis), түбір ұлпасы (корневая пульпа – pulpa radicis).
- Көптүбірлі тістерде түбір ұлпасы мен сауыт ұлпасының арасында өте анық анатомиялық шекара бар. Ол шекара - өзек сағалары (устья каналов) болып табылады.
- Тістің түбірі ұшында тесік орналасқан (верхушечное отверстие – foramen apicalis). Тіс толық қалыптасқаннан кейін бұл анатомиялық тесік физиологиялық тесікке айналады. Түбір ұшында цементтің қалыптасуына байланысты жаңа анатомиялық тесік пайда болады және физиологиялық тесіктен түбір ұшына қарай алшақтай береді және осы екі тесік арасында қалыңдығы 0,8-1,5 мм негізі цементтен тұратын аймақ қалыптасады.
- Сауыт ұлпасы сауыт қуысының күмбездері астында шайнау және тістеу қыры төмпешіктеріне сай шығыңқы ошақтар құрай орналасады. Ұлпаның әрбір шығыңқы аймағын ұлпа мүйізшесі (рог пульпы – cornu pulpae) деп атайды. Дер кезінде емделмеген тісжегі үрдісі кешікпей ұлпа қабынуымен асқынады.
- Тіс ұлпасы немесе тістің жұмсақ тіні эмбриональды типті күрделі дәнекертінді шағын ағза, жасушалық (клеткалық) құрылымдарға, қантамырларына, нерв талшықтарына және рецепторлық аппараттарға бай. Бұлардың барлығы ұлпаның қызметін және өміршеңдігін қамтамасыз етеді. Тіс ұлпасы тіс қуысын толығымен толтырып, түбір ұшы тесігі аймағында периодонт тініне ауысады. Ұлпаның жалпы көрінісі тістің пішінін және сыртқы рельефін қайталайды. Тістің сауыт қуысында орналасқан ұлпаның бөлігі сауыт ұлпасы, түбір өзектерінде жатқан бөлігі түбір ұлпасы деп аталады. Бұл атаулар тек анатомиялық бөлшектеуді көрсетпейді, сауыт және түбір ұлпасының орналасу ерекшеліктеріне, пішіндеріне, құрылымдарының және қызметтерінің әртүрлілігіне негізделе отырып берілген. Бұл ерекшеліктер көптүбірлі тістерде өте анық көрініс тапқан және олардың анатомиялық шекарасы түбірлер өзектерінің сағалары (устья) болып табылады.

Морфологиялық құрылысы:

- Морфологиялық құрылысы жағынан тіс ұлпасы борпылдақ дәнекер тінге жатады және былқылдақ жасушааралық негізгі затқа бай болып келеді. Талшықты құрылымдары коллаген және ретикулярлы (аргирофильді) талшықтардан тұрады, эластикалық талшықтар ұлпада анықталмаған. Ұлпаның жасушалық құрылымы одонтобласттардан, фибробласттардан толық жетілмеген (малодифференцированные) жасушалардан (жұлдызша жасушалар, перициттер) орныққан макрофагтар және басқалардан тұрады. Бұл жасушалар ұлпада біркелкі орналаспаған және белгілі бір заңдылыққа бағынады. Шартты түрде ұлпада үш қабатты ажыратады: шеткейлік немесе одонтобласттар қабаты, одонтобласттар асты және орталық қабаттар. Әрбір қабат өзіне тән физиологиялық қызмет атқарады және әр түрлі үрдістерге өзінше жауап қайтарады.
- Дентинмен тікелей жанасқан шеткейлік қабатта бірнеше қатар құрап (2-4) одонтобласттар орналасады. Бұлар жақсы жетілген, биік цилиндрге ұқсас, қою базофиьді цитоплазмалы жасушалар. Әрбір жасуша көптеген қысқа және дентин өзекшелеріне өтетін ұзын өсінділер (Томес талшығы) береді.

- Жасушаның денесі жасушалық органеллаларға бай: жақсы дамыған жасушаішілік торлы аппарат, пластиналы кешен – Гольджи аппараты, көптеген митохондрийлер, ядросында көп мөлшерде хроматин және бірнеше ядрошықтар бар. Түбір ұлпасына ауысқан сайын одонтобласттар қатары азаяды және 1-2 ғана қатар құрайды.
- Одонтобласттар асты қабаты ұсақ толық жетіле қоймаған (малодифференцированные) жұлдызша жасушалардан немесе преодонтобласттардан тұрады. Олардың денелерінен көптеген өсінділер тарайды және бір – бірлерімен араласа өрім құрайды. Ұзын өсінділері одонтобласттар арасына кіре орналасады. Қажет болған жағдайда бұл қабаттың жасушалары одонтобласттарға айналады.
- Орталық қабатта фибробласттар және гистиоциттер (орныққан макрофагтар) орналасқан. Қажет болған кезде фибробласттар да одонтобласттар мен преодонтобласттарға айналады. Бұл қабаттағы ретикулоэндотелиальдық жасушалар (гистиоциттер) қорғаныс қызметін атқарады. Одонтобласттар және одонтобласттар асты қабаттарында көп мөлшерде адвентициальдық жасушалар (перициттер) қан тамырлар бойымен орналасқан. Бұл жасушалар толық жетілмеген жасушалар қатарына жатады.
- Сирек жағдайда орталық қабатта базофильдер, лейкоциттер және плазмоциттер орын алады. Қабыну үрдісі кезінде макрофагтардың, В – және Т – лимфоциттердің, плазмоциттердің саны көбейеді. Ұлпаның жасушааралық заты гликозамингликандарға және белоктарға бай гельге немесе желеге ұқсас негізгі былқылдақ заттан тұрады. Негізгі зат арқылы коллаген және преколлагенді талшықтар өтеді.
- Сауыт ұлпасының орталық қабатында негізгі затта коллаген талшықтары орналасқан. Олар өте жіңішке және реттелген шоғыр құрмайды. Преколлагенді талшықтар ұлпаның барлық қабатында кездеседі.

Ұлпаның қанмен қамтамасыз етілуі

- Тіс ұлпасы қанмен жақсы қамтылған. Негізгі артериялық тамыр 1-2 көктамырмен (вена) және бірнеше нерв тармақтарымен ұлпаға түбірұшы тесігі арқылы өтеді және өзек сағасына жеткенде артериолаларға бөлінеді және капиллярлардың жиі өрімін (торын) құрады. Ұсақ прекапиллярлар мен капиллярлардың жиі торы одонтобласттар асты қабатында құрылады және олардан бастау алған капиллярлар одонтобласттар қабатына өтеді.
- Капиллярлар біртіндеп көктамырларға ауысады. Көктамырлар артерия бойымен жүре отырып, түбірұшы тесігі арқылы ұлпадан шығады. Сауыт және түбір ұлпалары артерияларының арасында көптеген анастомоздар құрылады. Лимфа тамырлары қантамырлар жолын қайталайды және олардың төңірегінде ұлпаның барлық қабатында өрім құрады.

Ұлпаның иннервациялануы

- Жоғарғы және төменгі тістер ұлпасы үштік нерв тармақтарымен нервтенеді және жоғары сезімтал тін болып саналады. Мякотты нерв талшықтарының шоғыры түбірұшы тесігі арқылы өтіп, қантамыр – нерв шоғырының құрамына кіреді. Түбір өзегінің ұштық бөлігінде нерв шоғыры тармақталмайды, кейінгі бөліктерінде жіңішке тармақтар және тікелей нерв талшықтарын бөледі. Осының нәтижесінде одонтобласттараста нервтер өрімі – Рашков өрімі құрылады. Бұл өрімдер көптеген нерв ұштарын құрайды және олар ұлпа мүйізшелері аймағында көптеп кездеседі. Нерв талшықтарының біраз бөлігі одонтобласттар қабаты арқылы предентинге және дентинге бағыт алады. Одонтобласттар қабатының үстінде ұлпа мен дентин

арасындағы шекарада біраз нерв талшықтары одонтобласттар үсті нервтер өрімін құрады, олардан бөлінген нерв талшықтары предентиннің негізгі затында тармақтанады. Ұлпада әртүрлі нерв рецепторлары анықталған: олар бұта, оралған жіп түрінде (клубочек) кездеседі. Нерв рецепторлары көбінесе одонтобласттардың беттерінде аяқталады. Сонымен қатар ұлпада арнаулы қантамырлық – тіндік рецепторлар анықталған, олардың соңғы (аяқталушы) тармақтары ұлпаның дәнекер тінінде, және қантамырларда орналасады. Кейбір аяқталушы тармақтар дентинобласттар және предентин қабаттары арқылы дентиннің ішкі қабатына өтуі мүмкін. Бірақ минералданған дентинде нерв талшықтары анықталмаған.

Тіс ұлпасының қызметі

- Тіс ұлпасы әртүрлі қызмет атқарады. Олардың бірі – одонтобласттардың қатысуымен орындалатын дентин құру немесе пластикалық қызмет. Пластикалық қызметі тіс тіндерінің қалыптасуы кезінде белсенді түрде жүреді және тіс шыққаннан кейін де жалғасады және орынбасушы дентиннің құрылуымен сипатталады. Тіс тіндерінде әртүрлі патологиялық үрдістер дамыған кезде (тісжегі, сынаға ұқсас ақау, жедел қажалу) орынбасушы немесе екіншілік дентинмен қатар, патологиялық ошақ табанындағы дентинде қайта құрылу үрдісі немесе үшіншілік дентиннің құрылуы орын алады.
- Баяу дамыған тісжегі кезінде қуыстың табанында жұмсарған дентиннің қайта минералданып, жылтыр немесе склерозданған дентинге айналуын дентинобласттардың пластикалық қызметімен байланыстыруға болады.
- Ұлпаның ең маңызды қызметінің бірі – трофикалық қызмет, ол дентиннің қоректенуін қамтамасыз етіп, кіреукенің өміршеңдігін сақтайды. Тістердің қатты тіндері қоректік заттарды капиллярлардағы транссудаттан алады, және олар дентинге Томес талшықтары арқылы жетеді.
- Тіс ұлпасында ретикулоэндотелиальды тіндер элементтерінің болуы (орныққан макрофагтар) ұлпаның қорғаныс қасиетін қамтамасыз етеді.
- Ұлпаның тағы бір маңызды қызметі-регенераторлық қызмет. Бұл қызмет ұлпадағы көптеген толық дамып – жетілмеген жасушалардың қажетті жағдайда жоғары дамып – жетілген және арнаулы жасушаларға ауысуымен қамтамасыз етіледі.

4. Иллюстрациялық материал: презентация

5. Әдебиет

Негізгі: 1. Терапиялық стоматология: оқу құралы / О.О.Янушевич т.б.- 3-бас. қайта өңделген және қосымша - М.: GEOTAR - БАҚ, 2019 ж.

2. Боровский Е.В. Терапиялық стоматология. Т.1: оқу құралы / Е.В.Боровский. - 3-ші басылым. - Алматы: Жаңа кітап, 2019 ж.

3. Боровский Е.В. Терапиялық стоматология. Т.2: оқу құралы / Е.В.Боровский. - 3-ші басылым. - Алматы: Жаңа кітап, 2019 ж.

4. Боровский Е.В. Терапиялық стоматология. Т.3: оқу құралы / Е.В.Боровский. - 3-ші басылым. - Алматы: Жаңа кітап, 2019 ж.

Қосымша: 1. Максимовский, Ю.М. Терапиялық стоматология. Кариесология және қатты тіс тіндерінің аурулары. Эндодонтия: практикалық жаттығуларға нұсқаулық. оқу құралы. / Ю.М.Максимовский, А.В.Митронин; өңдеген Ю.М. Максимовский. - М.: GEOTAR - БАҚ, 2019 ж.

6. **Қорытынды сұрақтар (кері байланыс)**

1. Эндодонт дегеніміз не?

2. Эндодонтия дегеніміз не?

3. Ұлпа қандай қызметтерді атқарады?

4. Ұлпа кандай болып бөлінеді?
5. Ұлпаның иннервациясын сипаттама беріңіз

№2 дәріс
1. Тақырып: Тіс қуысы мен түбір өзектерінің анатомиялық-топографиялық ерекшеліктері
2. Мақсаты: тіс қуысы мен түбір өзектерінің анатомиялық-топографиялық ерекшеліктері туралы білімдерін дамыту
3. Дәріс тезистері:
Тіс қуысының элементтері:

- Төбесі
- Табаны
- Қабырғалары
- Сағасы (ауызы)
- Түбір өзектері
- Түбір ұшы
- Түбір өзектің тесігі (апикальды тесігі)

Түбір ұшының түрлері:
а – түбір өзегінің тарылуы (физиологиялық ұшы)
б – анатомиялық ұшы
в – түбірдің цементі (рентгенологиялық ұшы)

- Физиологиялық тесіктен анатомиялық тесікке дейін 0,7-0,8 мм.
- Физиологиялық тесіктен түбір ұшына дейін – 0,9-1,1 мм.

Түбір ұшы тармақтары

- Негізгі түбір өзегінен әр деңгейінде ашылатын қосымша түбір өзектері (латеральды өзектері) кездеседі. Олар түбір ұшы аймағында сағаға ұқсас тармақтары (дельтовидные ответсвления) құрайды және **түбір ұшы тармақтары** деп аталады.

Жоғарғы жақтың ортаңғы күрек тісі
Тіс қуысы конус тәрізді, бір түбір өзегі, латеральды өзектері 24% жағдайда, түбір ұшы тармақтары 1 % жағдайда кездеседі, түбірі дистальды бағытта иілген, көлденең кесіндісінде овал тәрізді.
Жоғарғы жақтың бүйір күрек тісі
Тіс қуысы конус тәрізді,
99 % - 1 түбір өзегі,
1 % - 2 түбір өзегі.
26 % - латеральды өзектері,
3 % - түбір ұшы тармақтары. Түбір ұшы дистальды-таңдай бағытында иілген, өзегі жіңішке, көлденең кесіндісінде овал тәрізді.
Жоғарғы жақтың сүйір тісі
Тіс қуысы конус тәрізді,
99 % - 1 түбір өзегі,
1 % - 2 түбір өзегі.
30 % - латеральды өзектері,

3 % - түбір ұшы тармақтары.
Түбірі бүйірінен қысылған, өзегі кең, көлденең кесіндісінде овал тәрізді.

Жоғарғы бірінші кіші азу тіс

Тіс қуысы вестибуярлы-таңдай бағытта орналасқан,
80 -95% - 2 түбір, 2 түбір өзегі,
19 % - 1 түбір,
4 % - 1 түбір өзегі.
50 % - латеральды өзектері,
3 % - түбір ұшы тармақтары.
Түбір ұшы бөлігінде дистальды бағытталған, көлденең кесіндісінде 8 цифра тәрізді.

Жоғарғы екінші кіші азу тіс

Тіс қуысы вестибуло-таңдай бағытында орналасқан,
90% - 1 түбірі, 9% - 2 түбір,
70% - 1 түбір өзегі,
24% - 2 түбір өзегі.
60% - латеральды өзектері,
3% - түбір ұшы тармақтары.
Өзегінің сағасы саңылау тәрізді, түбірі ұшында дистальды бағытталған, көлденең кесіндісінде 8 цифра тәрізді.

Жоғарғы бірінші үлкен азу тіс

Тіс қуысы алдыңғы 2/3 бөлігінде орналасқан, үшбұрыш тәрізді, вестибуло-таңдай бағытында орналасқан.
58% - 3 түбірі, 3 түбір өзегі,
15% - 2 түбірі,
40% - 4 өзегі, 4-ші өзегінің сағасы ұрт-медиальды мен таңдай өзектерінің арасында өтетін сызығында орналасады.

Жоғарғы екінші үлкен азу тіс

Тіс қуысы алдыңғы 2/3 бөлігінде орналасқан, үшбұрыш тәрізді, вестибуло-таңдай бағытында орналасқан.
80% - 3 түбірі, 19% - 2 түбірі,
57% - 3 түбір өзегі,
40% - 4 өзегі, 4-ші өзегі ұрт-медиальды өзегіне жақын,
2% - 2 өзегі.

Төменгі ортанғы күрек тіс

Тіс қуысы саңылау тәрізді, медио-дистальды бағытта қысыңқы, түбір өзегі жіңішке.
70% - 1 түбір өзегі,
30% - 2 өзегі.

Төменгі сүйір күрек тіс

Тіс қуысы ұршық тәрізді,
98% - бір түбір, бір түбір өзегі,
2% - 2 түбір,
6% - 2 түбір өзегі.
Өзегі жақсы өтеді, кең, түбірді ұшы дистальды жаққа бағытталған.

Төменгі бірінші кіші азу тіс

Тіс қуысы домалақ пішінді,
75 % - 1 түбірі, бір түбір өзегі,
20 % - 2 түбірі, екі түбір өзегі.
Өзегі овал тәрізді, жақсы өтеді.

Төменгі екінші кіші азу тіс
Тіс қуысы овал тәрізді,
97 % - 1 түбірі, бір түбір өзегі,
3 % - 2 түбірі, екі түбір өзегі.
Төменгі бірінші үлкен азу тіс
Тіс қуысы тікбұрыш тәрізді,
98 % - 2 түбір,
80% - 3 түбір өзегі,
13 % - 2 түбір өзегі,
7 % - 4 өзегі (4-ші өзегі дистальды түбірінде орналасады).
Төменгі екінші үлкен азу тіс

- Тіс қуысы тікбұрышты,
- 84 % - 2 түбірі,
- 15 % - 1 түбірі,
- 77 % - 3 түбір өзегі,
- 13 % - 2 өзегі,
- 7 % - 4 өзегі (4-ші өзегі дистальды түбірінде орналасады),
- 3 % - 1 өзегі.

4. Иллюстрациялық материал: презентация
5. Әдебиет
Негізгі: 1. Терапиялық стоматология: оқу құралы / О.О.Янушевич т.б.- 3-бас. қайта өңделген және қосымша - М.: GEOTAR - БАҚ, 2019 ж.
2. Боровский Е.В. Терапиялық стоматология. Т.1: оқу құралы / Е.В.Боровский. - 3-ші басылым. - Алматы: Жаңа кітап, 2019 ж.
3. Боровский Е.В. Терапиялық стоматология. Т.2: оқу құралы / Е.В.Боровский. - 3-ші басылым. - Алматы: Жаңа кітап, 2019 ж.
4. Боровский Е.В. Терапиялық стоматология. Т.3: оқу құралы / Е.В.Боровский. - 3-ші басылым. - Алматы: Жаңа кітап, 2019 ж.
Қосымша: 1. Максимовский, Ю.М. Терапиялық стоматология. Кариесология және қатты тіс тіндерінің аурулары. Эндодонтия: практикалық жаттығуларға нұсқаулық. оқу құралы. / Ю.М.Максимовский, А.В.Митронин; өңдеген Ю.М. Максимовский. - М.: GEOTAR - БАҚ, 2019 ж.
6. **Қорытынды сұрақтар (кері байланыс)**
1. Тіс қуысының элементтері
2. Түбір ұшының түрлері
3. Апекс дегеніміз не?
4. Астынғы жақ тістер түбірінің ерекшеліктері
5. Жоғарғы жақ тістер түбірінің ерекшеліктері

№3 дәріс

1. Тақырып: Эндодонтиялық құралдар

2. Мақсаты: эндодонтиялық құралдар туралы білімдерін дамыту

3. Дәріс тезистері:

- **Эндодонттық аспаптар** түбір өзектерін механикалық өңдеу үшін қолданылады. Бұл асппатар қолмен және машинаның көмегімен жұмыс істейді.
- Заманауи эндодонттық аспаптар дайылдалған: көміртекті болаттан, хромникельді қорытпадан, никель-титанды құймадан. Олар жұмысшы бөліктің толық практикалық беріктігін, жақсы иілгіштік қасиетке ие және майысқан жағдайда өзінің бастапқы қалпына келі мүмкіндігі жоғары.

Эндодонтиялық аспаптардың элементтері

- Жұмыс бөлігі
- Силиконды стоп (резінке)
- Сабы

Аспаптың жұмыс ұзындығы – ұшынан ұстайтын сабына дейін аралығы (18, 21, 25, 28, 31 мм);

Аспаптың көлемі – аспаптың ұшының диаметріне сәйкес келеді (егер ұшының диаметрі 0,15 мм болса, аспаптың размері – 15-ші размер болып саналады).

Эндодонтиялық аспаптардың 3 түрлі маркировкасы болады:

- **Түрлі-түсті маркировкасы**
- **Геометриялық маркировкасы**
- **Нөмерлі маркировкасы**

Эндодонтиялық аспаптар 6 топқа бөлінеді:

1. **Диагностикалық аспаптар;**

- Миллер түбір инесі
- Тістің ұзындығын өлшейтін аспап (глубиномер)

Қолданылатын мақасаттары:

- Түбір өзегінің бағыты мен өткізгіштігін анықтау үшін;
- Өзек сағасын іздеу үшін;
- Түбір өзектеріне дәрі-дәрмек еңгізу және кептіру үшін.

2. **Түбір өзек сағасын кеңейтуге арналған;**

Гейтс-Глидден бұрғы (дриль)

Синонимдері: Гейтс, Gates-Glidden drill, Gates, GG.

Баяу айналымда жұмыс істеуге негізделген.

3. **Түбір өзегінен жұмсақ тіндерді алатын аспаптар;**

Ұлпаалғыш – пульпоэкстрактор

40 тісше орналасқан, бағыты қиғаш және аздап жылжымалы болып келеді.

4. **Түбір өзекті өтуге арналған;**

К-риммер (Керр дрили)

Хромникельді болаттан жасалынады, майысқақ, кесу қабілеті өте жоғары.

К-риммер түрлері

- ***K-flexoreamer –*** өте майысқақ немесе иілгіш аспап, жіңішке және қисық өзектерді өтуге болады,
- ***K-reamer forside*** - жіңішке өзектерді өту үшін, әсіресе науқас ауызын толық ашалмайтын жағдайларда
- ***Pathfinder CS*** - көміртекті болаттан жасалған (углеродистая сталь)

Кесіндісі төртбұрышты және үшбұрышты құймалардан бұрау технологиясымен дайындалады.

5. **Түбір өзекті кеңейтуге арналған;**
   K-flexofile – өте майысқақ аспап, иілген өзектерді кеңейтуге арналған;
   K-file nitiflex – никель-титаннан жасалған аспап, мықты, иілгіш, қисық өзектерді өтуге арналған.

6. **Түбір өзекті обтурациялауға арналған.**
   Түбірөзегін толтыруға арналған аспап (каналонаполнитель, Лентуло)
   Спредер
   Плагер

4. Иллюстрациялық материал: презентация

5. Әдебиет

Негізгі: 1. Терапиялық стоматология: оқу құралы / О.О.Янушевич т.б.- 3-бас. қайта өңделген және қосымша - М.: GEOTAR - БАҚ, 2019 ж.
2. Боровский Е.В. Терапиялық стоматология. Т.1: оқу құралы / Е.В.Боровский. - 3-ші басылым. - Алматы: Жаңа кітап, 2019 ж.
3. Боровский Е.В. Терапиялық стоматология. Т.2: оқу құралы / Е.В.Боровский. - 3-ші басылым. - Алматы: Жаңа кітап, 2019 ж.
4. Боровский Е.В. Терапиялық стоматология. Т.3: оқу құралы / Е.В.Боровский. - 3-ші басылым. - Алматы: Жаңа кітап, 2019 ж.
Қосымша: 1. Максимовский, Ю.М. Терапиялық стоматология. Кариесология және қатты тіс тіндерінің аурулары. Эндодонтия: практикалық жаттығуларға нұсқаулық. оқу құралы. / Ю.М.Максимовский, А.В.Митронин; өңдеген Ю.М. Максимовский. - М.: GEOTAR - БАҚ, 2019 ж.

6. **Қорытынды сұрақтар (кері байланыс)**

1. Эндодонтия құралдары нешеге бөлінеді
2. ISO классификациясы
3. Пульпоэкстрактор бұл не?
4. К және Н файл айырмашылықтары
5. Флексофайл дегеніміз не?

№4 дәріс

1. Тақырып: Түбір өзектерін аспаптық емдеу әдістері

2. Мақсаты: түбір өзектерін аспаптық емдеу әдістері туралы білімдерін дамыту

3. Дәріс тезистері:

Түбір өзектерді өңдеу әдістері

- Step Back,
- Crown Down,
- Теңестірілген күш әдісі (тепе-тең түсетін күштер әдісі)

Step Back

- Шегініп отыру арқылы (шаг назад).
- Түбір өзегі ұшынан өзек аузына қарай эндодонттық аспаптармен тазаланады және кеңейтіледі.
- Аспаптардың мөлшері кіші мөлшерден үлкенге қарай біртіндеп өсіп отырады.
- Түбір ұшында тірек жасалынады.

Орындау тәсілі

- Алдымен өзектің жұмысшы ұзындығын өлшеп алу қажет.
- Өзектерді аспаптармен өңдеу кезінде құрамында ЭДТА бар эндолубриктар қолдануға болады.
- Түбір ұшында тірек жасау /апикальды/. Ол гуттаперчаның өзек ұшында тығыз тіреліп, түбір сыртына шығып кетпеуіне қамтамасыз етеді. Түбір ұшына тіреу жасау үшін ең жіңішке аспапты аламыз. Соның көмегімен өзектің түбір ұшына дейін өтеміз /мысалы: К-файл №15 ұзындығы 21 мм, содан кейін № 20, 25 файлдарды қолдану арқылы өзекті біртіндеп кеңейте береміз. Егер осы аспаптармен өту қиын болса, «Golden Medium» тобынан № 17, 22 аралық файлдарды қолдануға болады.
- К –файлмен өзекті кеңейткенде, сағат тілі бағытымен жарты немесе төрттен үш айналым жасап, сағат тіліне қарсы бағытта осы айналымдарды қайталап, файлды өзектен шығарып оны дентин үгінділерінен тазартып қайтадан эндолубрикант жағу қажет. Сөйтіп өзек кеңігенге дейін аталған әрекетті бірнеше рет қайталау керек.

Step Back

1 кезең

түбір өзектің апикальды бөлігін кеңейту.

Түбур ұшында тірек жасалғаннан кейін 25 файл “мастер-файл” деп аталады.

- Ұштық тіреу жасалғаннан кейін, өзектің түбір ұшына жақын 1/3 бөлігі өңделеді. Ол үшін бұрынғыдан бір өлшем үлкен файл аламыз /мысалы №30/, бірақ файлдың ұзындығы бұрынғыға қарағанда 1 мм қысқа болуы тиіс. Түбір ұшы тіреуінде дентин ұнтақтары тығындалып қалмас үшін әлсін-әлсін №25 файлмен өзек ұзындығын өңдеп отырады. Содан кейін №35 файлмен өңдейді. Оның ұзындығы 1 мм қысқа болу керек. Осы желі бойынша түбір өзектің ауызына жеткенше кеңейте беру керек. Файлдардың өлшемі де өсе береді.

2 кезең

- Түбір өзектің ортаңғы бөлігін кеңейту
- Файлдың мөлшері өскен сайын - ұзындығы қысқара береді.
- Түбір өзегінің ауызына жақын бөлігін Gates Glidden № 2, 3, 4 аспаптармен кеңейтуге болады.
- Қандай асқынулар болу мүмкін?
- - түбір өзегінің ұшы «құм сағат» тәрізді кеңейеді;
- - өзекте аспап сынып қалады;
- - түбір өзегінің ұштық бөлігінің қабырғалары араның тісі тәрізді ирек-ирек болып қалады;
- - түбір өзегі түбір ұшына жақынбөлігінде тесіліп кетеді, немесе жалған түбір ұшы тесігі пайда болады.

3 кезең
- Түбір өзек аузы бөлігін кеңейту
- Түбір өзектің кеңейтуін бітіру
- Гейтс глидден,
- ларго
- Н-файл көмегімен апикальды және ортаңғы бөлігінің қабырғаларын тегістеу керек
- Н-файл көмегімен
- жоғары-төмен бағытта жұмыс істеуге болады

Crown Down
- Сауыттан төмен қарай (от коронки вниз)
- Тіс саутынан түбір өзегі ұшына қарай кеңейту
- Ең үлкен аспаптан бастап, ең кіші аспаппен аяқтайды.
- Өзекті өңдеуді ең үлкен аспаппен бастап, ең кіші аспаппен аяқтайды. Әуелі түбір өзегінің ауызын Largo және үлкен өлшемді К-файлдармен кеңейтеді. Түбір өзегі ұшына жеткенше К-файлдардың өлшемдері кішірейе береді.
- Бұл әдістің мақсаты – түбір өзегіндегі ыдырандыларды біртіндеп өзек ауызынан түбір ұшына дейін тазарту.

Әдістің тиімді жақтары:
- - түбір өзегін аспаптармен өңдеген кезде түбір ұшы сыртына залалсыздандырылған ыдырандылардың шығуына мүмкіндік жоқ, периодонтқа аса қысым түспейді.
- - түбір өзегін кеңейтудің әр кезеңінде оны дәрі-дәрмектермен жуу ыңғайлы жағдай туады.
- - алдынғы әдіспен салыстырғанда, жіңішке файлдар да көп сынбайды, себебі оларға түсетін қысым өте аз.
- - өзекті конус тәрізді тиімді пішінге келтіруге болады.

Түбір өзегін тепе-тең түсетін күштер әдісі (метод сбалансированной силы)
- Күштерді теңестіріп өңдеу
- 1985 жылы Roan ұсынған
- Ұштары үшкір емес аспаптарды қолданылады (флексоример, флексофайл, нитифлекс)
- Аспаптарды түбір өзек ішіне еңгізгеннен кейін аспап сағат тілі бағытымен 90° бұралады да алға жылжытылады. Шығарарда 120° кері қарай бұралады да өзек ішінен шығарылады.
- Түбір өзек алғашқы мөлшеріне қарағанда 2-3 мөлшерге кеңейтілген (минимум № 25 –ші размерге дейін)
- Түбір өзектің пішіні конус тәріздес болу керек

- Түбір өзек ұшында дурыс қалыптастырылған апикальды тіреу болу керек
- Өзек қабырғасынан алынған үгінділерінің түсі ақ болу керек
- Жуып кептіргеннен кейін мақта білік немесе қағаз пин таза болу керек

4. Иллюстрациялық материал: презентация

5. Әдебиет

Негізгі: 1. Терапиялық стоматология: оқу құралы / О.О.Янушевич т.б.- 3-бас. қайта өңделген және қосымша - М.: GEOTAR - БАҚ, 2019 ж.
2. Боровский Е.В. Терапиялық стоматология. Т.1: оқу құралы / Е.В.Боровский. - 3-ші басылым. - Алматы: Жаңа кітап, 2019 ж.
3. Боровский Е.В. Терапиялық стоматология. Т.2: оқу құралы / Е.В.Боровский. - 3-ші басылым. - Алматы: Жаңа кітап, 2019 ж.
4. Боровский Е.В. Терапиялық стоматология. Т.3: оқу құралы / Е.В.Боровский. - 3-ші басылым. - Алматы: Жаңа кітап, 2019 ж.
Қосымша: 1. Максимовский, Ю.М. Терапиялық стоматология. Кариесология және қатты тіс тіндерінің аурулары. Эндодонтия: практикалық жаттығуларға нұсқаулық. оқу құралы. / Ю.М.Максимовский, А.В.Митронин; өңдеген Ю.М. Максимовский. - М.: GEOTAR - БАҚ, 2019 ж.

6. **Қорытынды сұрақтар (кері байланыс)**

1. Степ бек әдісі дегеніміз не?
2. Кровн даун әдісі дегеніміз не?
3. Баланцед форс әдісі дегеніміз не?

№5 дәріс

1. Тақырып: Түбір өзектерін дәрілік және химиялық өңдеу

2. Мақсаты: түбір өзектерін дәрілік және химиялық өңдеу туралы білімдерін дамыту

3. Дәріс тезистері:

Медикаментозды өңдеудегі препараттар келесі талаптарға сай болуы керек:

- Бактеридцидті қасиеті болу керек
- Апикальді тінге зиянды болмау керек
- Сенсибилиздеуші әсер көрсетпеуі және тұрақты штамды микроорганизмдердің пайда болуына қарсы әсерінің болуы
- Тез әсер беруі және дентинді өзекке тереңірек кіруі
- Органикалық заттың болуында өзінің эффективтілігін жоғалтпау керек
- Мүмкінділігінше нашар иісі және дәмі болмау керек
- Химиялық тұрақты және өзінің белсенділігін ұзақ уақыт сақтауы қажет.

Түбір өзектерін өңдеуге арналған медикаментозды заттардың жіктелуі

I. Спецификалық емес.

1. Құрамында оттегі бар: 3% асқын сутегі ерітіндісі және тағы басқалар.
2. Құрамында галоген болуы:
   - Хлорлы:1-2% хлорамин ерітіндісі, 0,2% хлоргексидин биглюконат ерітіндісі, 3-5% гипохлорит натрий ерітіндісі (некротизделген тіндерді ерітеді гарм оң және грам теріс бактерияларға бактерицидті әсер етуі, саңырауқұлақ және вирустар);
   - Йодты: 1% йодинол ерітіндісі йодтың поливинил спиртпен кешенді байланысы (бактеридцидті, фунгицидті әсер етуі, тін регенерациясын тездетеді).
3. Нитрофуран қатарындағы препараттар: 0,5% фурацилин ерітіндісі (кең әсерлі, антиэкссудативті әсер етеді).
4. Төрттік аммоний байланысы: 0,1% декамин ерітіндісі (споро түзуші микроорганизмдерге және ашытқы тәрізді саңырауқұлақтарға бактеридцидті әсер етеді.)
5. 20% диметилсульфоксид (димексид) ерітіндісі (антисептикалық, қабынуға қарсы, аналгезирлеуші, бактериостатикалық, фунгицидті әсер көрсетеді).
6. Протеолитикалық ферменттер: химопсин, трипсин, химотрипсин (қабынуға қарсы, ісінуге қарсы, некротизирленген массаны ерітеді, иммобилизденген протеолитикалық формалары белсенділігін 3 күннен 6 күнге дейін сақтайды.
7. Нәруызды фермент:0,1% лизоцим ерітіндісі (ағза тінінде қабынуға қарсы, токсикалық емес, спецификалық емес ағзаның рекативтілігін стимулдайды).

2. Ортофен және оның аналогтары (қабынуға қарсы күшті әсерлі).

II. Спецификалық антибиотиктер және олардың протеолитикалық ферменттері, антибактериалыды заттар (трихопол).

Арнайы комплексондар: ерітінділер, гелдер этилендиаминтетраацетат (ЭДТА), лимонды және пропионды қышқыл.

Түбір өзектерін тек қана эндодонтиялық инструменттердің көмегімен кеңейту мүмкін емес. Әсіресе жіңішке каналдарда қиынға соғады. Сол себепті бұл жағдайда химиялық препараттар қолданады. Олар түбір өзегіне енген соң декальцинация үрдісі және қабырғалық(пристеночный) дентиннің жұмсаруы жүреді.

Түбір өзегін химиялық кеңейту үшін комплексондар және хелатты заттар қолданылады. Олар дентиннің минералды компоненттерімен байланысып, жұмсартады, борпылдақ структураға айналдырады. Комплексондардың токсикалық әсері жоқ, қолдануы оңай, ұзақ уақыт белсенділігін сақтап тұрады.

Қазіргі уақытта практикада 10-20% этилендиаминтетрацетаттың (ЭДТА) бейтарап немесе әлсіз сілтілі ерітінділері және оның тұздары: динатрий қышқылы(трилон Б) және тетацин-кальций-динатрий қышқылы жиі қолданыста. Бұл препараттар дайын күйінде шығарылады және қосымша құрамында антисептиктер, стабилизаторлар және т.б. компоненттер болады.

Бұл препараттар барлық, тіпті жіңішке түбір каналдарына жақсы енеді және сумен шайылады. Қышқыл ортада белсенділігі жоғары, сол себепті қолданар алдында түбір каналын бейтараптау қажет: пульпа қалдықтарын және сілтілі өнімдерді(натрий гипохлориді) толықтай алып тастау. Осы препараттарды гидрофобты заттармен қосуға болмайды, себебі қасиеті төмендейді

Түбір каналын химиялық кеңейтуге арналған препараттар тікелей инструменталды өңдеу кезінде және қиын өтетін каналдарды келулер(посещение) арасында кеңейтуге қолданылады.

Түбір өзегін химиялық кеңейту методикасы:

- тіс қуысын кептіру
- пипетка немесе пинцет(щёчек) көмегімен өзек сағасына препарат ерітіндісін жағады және 2-3 мин К-файл немесе К-ример көмегімен каналға енгізеді.
- кейін түбір өзегін эндодонтиялық инструменттер көмегімен механикалық кеңейтеді

Химиялық және механикалық өңдеуді кезекпен жүргізеді.

- инстременталды өңдеуден кейін түбір өзегін антисептикпен, одан кейін дистилденген сумен шаяды
- Құрамы: -смазочные вещества
- - ЭДТА
- -антисептиктер
- -флотирующие агенты(дентин бөліктерін алу
- үшін).
- Негізгі қасиеті: инструменттердің түбір өзегінде жеңіл өтуін қамтамасыз ету. Сол себепті бұл препараттарды эндолубрикантар деп те атайды

4. Иллюстрациялық материал: презентация

5. Әдебиет

Негізгі: 1. Терапиялық стоматология: оқу құралы / О.О.Янушевич т.б.- 3-бас. қайта өңделген және қосымша - М.: GEOTAR - БАҚ, 2019 ж.
2. Боровский Е.В. Терапиялық стоматология. Т.1: оқу құралы / Е.В.Боровский. - 3-ші басылым. - Алматы: Жаңа кітап, 2019 ж.
3. Боровский Е.В. Терапиялық стоматология. Т.2: оқу құралы / Е.В.Боровский. - 3-ші басылым. - Алматы: Жаңа кітап, 2019 ж.
4. Боровский Е.В. Терапиялық стоматология. Т.3: оқу құралы / Е.В.Боровский. - 3-ші басылым. - Алматы: Жаңа кітап, 2019 ж.
Қосымша: 1. Максимовский, Ю.М. Терапиялық стоматология. Кариесология және қатты тіс тіндерінің аурулары. Эндодонтия: практикалық жаттығуларға нұсқаулық. оқу құралы. / Ю.М.Максимовский, А.В.Митронин; өңдеген Ю.М. Максимовский. - М.: GEOTAR - БАҚ, 2019 ж.

6. **Қорытынды сұрақтар (кері байланыс)**

1. Медикаментозды препараттарға қойлатын шарттар
2. Хлор тобына кандай дәрілер кіреді
3. Химиялық кеңейтетін дәрілердін талаптары
4. ЭДТА дегеніміз не?
5. Эндолубрикант дегеніміз не?

№6 дәріс

1. Тақырып: Түбір өзегін толтыру

2. Мақсаты: Түбір өзегін толтыру туралы білімдерін дамыту

3. Дәріс тезистері:

Тістің түбір өзегін обтурациялау әдістері

Түбір өзегін обтурациялау – бұл оның қуысын және қосымша тармақтарын герметизациялаушы материалдармен тығыз бітеу.

Түбір өзегін ботурациялау алдында егеу барысында пайда болған қабырғасындағы майлы қабатты алып тастау керек. Бұл үрдіс келесі қышқылдарды ұолдану арқылы жүзеге асырылады – лимон, фосфор және ЭДТА. Өзекті дезинфекциялап, кептіру керек.

Түбір өзектерін обтурациялау әдістері:

1. Салқын гуттаперча штифтермен обтурациялау: а) бір штифпен пломбылау әдісі; б) гуттаперчаны бүйірлеп нығыздау және оның вариантары.

2. Арнаулы майлармен және еріткіштермен жұмсартылған суық гуттаперчамен химиялық обтурациялау.

3. Қыздырылған гуттаперчамен обтурациялау: а)тік нығыздау арқылы гуттаперчамен обтурациялау; б)бөлшектенген гуттаперчамен обтурациялау; в)бүйірлеп және тік нығыздау; г)термомеханикалық нығыздау (гутта-конденсор,ультрадыбысты жұмсартқыш қолданып).

4. Жылумен жұмсартылған гуттаперчамен обтурациялау: а)шприцтің көмегімен немесе Ультрафил жүйесін қолданып обтурациялау, екіфазалы гуттаперчаны қолдану; б)қатты стерженнің көмегімен бітеу (Thermafill жүйесін, Successfil жүйелерін қолданып).

Бір штифтпен пломбылау әдісі

Бұл әдісте түбір өзегі бір ғана штифтпен силермен толтырылады. Кемшіліктері: тығыз обтурацияға жету қиын (макроканал ғана обтурацияланады) және цементтің өзектен шайылуы. Өзектердің дөңгелек кесіндісінде қолданылады. Штифт өзекті бүкіл жұмысшы ұзындығына өңделген соңғы файлдың өлшеміне сәйкес келуі керек. Жұмысшы ұзындығы гуттаперчада немесе күміс штифте белгіленеді. Штифтті енгізбес бұрын оны силермен өңдейді, цементті де өзекке енгізеді (өзектолтырғышпен, файлмен).

Гуттаперчаны бүйірлеп нығыздау әдісі

Түбір өзегін обтурациялауда бірнеше штифт қолданылады. Келесі кезеңдерден тұрады:

1. Керекті мөлшерді спредер таңдау: оның ұзындығы өзектің жұмысшы қзындығынан 1-2мм қысқа болу керек, диаметрі – соңғы апикалды файлға тең не одан 1 нөмірге үлкен болуы керек.

2. Бірінші штифтің мөлшерін анықтау (master point). Штифт мөлшері соңғы аспаптың мөлшеріне сәйкес келуі керек. Штифті арнайы калибрлеуші сызғыштармен калибрлеп алу керек. Штифті дәлдеу келесі тесттерді құрайды:

А. Визуалды тест.

Пинцеттің браншын қысу арқылы штифт ұзындығын белгілейді (өзектің жұмысшы ұзындығынан 1 мм кішкентай). Штифтті өзекке енгізгенде керекті ұзындыққа кіргеніне көз жеткізіп алу керек. Егер штифт жетпесе оны кішкентай штиятпен ауыстырады, ал асып кетсе - үлкен. Егер үлкен штифт өзекке қажетті ұзындыққа кірмесе, алдыңғыға қайтып келу керек, ұшын 2 мм кесу керек.

Б. Тактильді тест.

Жүргізу шарты – өзектің апикалды бөлігінде 3-4 мм параллель қабырғалар ретінде «ретенционды аймақ» құру. Тесттің мәні – штифтті енгізіп-шығарғанда оны қандай да бір күштің болуы.

В. Рентгенологиялық тест.

Өзектегі штифтің орналасуына рентгенологиялық бақылау жүргізіледі.

3. Таңдаудан кейін негізгі штифтті өзектен шығару.

4. Өзекті шаю, кептіру(қағаз штифт көмегімен).

5. Өзеккем цемент (силер) қою – өзектолтырғыш, спредер, қағаз штифттің түбір инесі, файл, ример көмегімен, оларды сағат тіліне қарсы айналдыру арқылы немесе ультрадыбысты қолдану арқылы.

6. Силерге батырылған негізгі штифті өзекке жұмысшы ұзындығына енгізу

7. Көп штифтті обтурация және бүйір нығыздау.

Әдістемесі.

Өзекке бірнеше секундқа(бұл уақытта гуттперча штифті деформацияланып, қабырғаға бейімделеді) спредер енгізеді, кейін 1 мин ішінде қосымша штифтке орын қалдыру үшін

